

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
08.06.2022 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 08.06.2022 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Е. КОШАНОВ.**

ТӨРАҒА. Келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне байланыс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым). Сөз Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі депутат Раззақ Нәзилә Раззақбайқызына беріледі.

РАЗЗАҚ Н.Р. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне байланыс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы Президент тапсырмасын іске асыру үшін, әкімшілік жауапкершілікті көздей отырып, байланыс және интернет саласында тұтынушылардың құқықтарын қорғау мақсатында әзірленді.

Заң жобасында интернет сапасына қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келмеу бойынша айыппұлдар сомасын ұлғайту жолымен байланыс қызметтерін көрсету ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікті күшейту ұсынылады.

Жұмыс барысында білім беру, қару айналымы және салық заңнамасы салаларында әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша әкімшілік жазалау шараларын белгілеуге бағытталған түзетулер енгізілді.

Мысалы, жоғары оқу орындары жабылған жағдайда білім алушыларды ауыстыру жөніндегі міндеттемелерді орындамаса, құрылтайшылардың әкімшілік жауапкершілігін белгілеу, сондай-ақ жоғары оқу орындарды лицензиядан айыру жөніндегі функцияларды уәкілетті органға беру ұсынылады.

Сонымен қатар билік өкілдерінің заңды талаптарына бағынбауға байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылықты күшейту көзделген.

Сондай-ақ лақтырылатын, аң аулайтын, белгі беретін қаруды және олардың құрамдас бөліктерін заңсыз иемдену, өткізу, сақтау, алып жүру, тасымалдау үшін әкімшілік жауапкершілік белгіленеді.

Осы нормаларды енгізу рұқсатсыз іске асырылатын аталған қару түрлерінің орнын ауыстыруды бақылауға мүмкіндік береді.

Ұсынылып отырған тағы бір маңызды түзету – автокөлікті қайталап немесе бірнеше рет мемлекеттік нөмірсіз басқарғаны үшін, сондай-ақ автокөлік құралдарына жалған немесе қолдан жасалған мемлекеттік нөмір орнатқаны үшін жауапкершілікті күшейту. Мысалы, бұрын тек айыппұл салынатын болса, енді 1 жылға жүргізуші куәлігінен айыру және 5 тәулік қамауға алу қарастырылып отыр.

Заң жобасы бойынша жұмыс тобы он тоғыз отырыс өткізді.

Оған Бас прокуратура, Жоғарғы Сот, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі, Ішкі істер, Әділет, Қорғаныс, Білім және ғылым, Ұлттық экономика министрліктерінің, Қаржы мониторингі агенттігінің және басқа да мүдделі мемлекеттік органдар мен ведомстволар өкілдері шақырылды.

Сондай-ақ Ұлттық телекоммуникация қауымдастығы, ұялы байланыс операторлары, күзет ұйымдарында, азаматтық және қызметтік қару айналымы саласында жұмыс істейтін кәсіпорындар мен ғылыми ұйым мүшелері қатысты.

Бұдан бөлек, басқа заңдардың кейбір нормаларын қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіруге бағытталған түзетулер енгізілді.

Осыған орай заң жобасының атауы да өзгерді.

Құрметті әріптестер, заң жобасын мақұлдап, Парламент Сенатының қарауына жолдауды ұсынамыз.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нәзилә Раззақбайқызы.

Құрметті әріптестер, бас комитеттен осы заң жобасын екінші оқылымда мақұлдау туралы ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 101, «жақтағандар» – 100, «қалыс қалғандар» – 1. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 101, «жақтағандар» – 101. Қаулы қабылданды.



*Құжатпен қамтамасыз ету
бөлімінің сектор меңгерушісі
Майя М. Маймылова.*